



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№42 (898) Сәрсенбі 16 қазан 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

ЖӘРМЕҢКЕГЕ КЕЛІҢІЗ, АРЗАН ӨНІМ АЛЫҢЫЗ!



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары Қызылорда қаласында ұйымдастырылған «Алтын күз-2024» дәстүрлі мерекесі аясындағы жәрмеңкені аралады.

терген Сыр дикандарының 1000 тоннадан астам өнімдері ұсынылды.

Атап айтқанда, 200 тоннадан астам күріш, 25 тонна ет және 40 тоннадай балық өнімдері, 200 тонна картоп, 70 тонна сәбіз, 120 тонна пияз, 150 тоннадан астам көкөніс пен жеміс-жидек, 250 тонна бақша өнімдері, 10 тоннадай сүт өнімдері, 10 тоннаға жуық кондитер өнімдері, 200 бас тоқты және 40 тонна жем-шөп жеткізілді. Биыл Сыр дикандары 189 400 гектар жерге егін екті, 85 600 гектар күріштен 58 центнерден өнім алып, жарты миллион тоннаға жуық Сыр маржанын жинады.

Бүгінгі күні күріштен басқа да дәнді дақылдардан 18,5 мың тонна, майлы дақылдардан 4,9 мың тонна, картоп, көкөніс, бақша өнімдерінен 352,7 мың тонна, мал азықтық дақылдардан 327 мың тонна өнім камбаға құйылды.

Бүгінгі жәрмеңкеде жергілікті өнерпаздар өнер көрсетіп, балаларға арналған ойындар ұйымдастырылып, келушілерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.



Қала күніне орайластырылған ауқымды іс-шарада Қызылорда қаласы мен барлық ауданнан келген ауыл шаруашылығы

тауарөндірушілері белгіленген орындарда өз өнімдерін саудаға шығарды. Тұрғындарға ала жаздай ризық-несібесін жерден



ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде 2024 жылғы қаңтар-қыркүйек аралығындағы әлеуметтік-экономикалық даму және республикалық бюджеттің атқарылу қорытындылары қаралды.



Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте көтерілген мәселелер жан-жақты талқыланды. Қызылорда облысы осы жылдың қаңтар-қыркүйек кезеңінде әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша

республикада көш бастады. Аймақ басшысы жұмысқа әлі де қарқын қосуды тапсырып, алдағы міндеттерді айқындады.

«2024 жылдың қаңтар-қыркүйек айларында барлық макроэкономикалық көрсеткіш бойынша өсім қалыптасты. Аудандар мен Қызылорда қаласында макрокөрсеткіштердің оң қарқыны қамтамасыз етілген.

Өңдеу өнеркәсібінде біздің өңір көшбасшы. Құрылыс саласында да барлық өңірлердің алдында тұрмыз. Осы көрсеткішті сақтап тұру бойынша жұмыстар атқарылуы тиіс. Тиісті орталық мемлекеттік органдармен жедел жұмыс жасап, жоспарлы параметрлердің орындалуын қамтамасыз етіңіздер. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері бұл жұмыстан тыс қалмаңыздар. Жыл соңына дейін барлық макрокөрсеткіш бойынша өсімге қол жеткізу керек», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

ТІЛДІ БІЛУ МІНДЕТТЕЛМЕК

Бұйрық 12 қазаннан бастап күшіне енді.

2024 жылғы 8 қазанда Ғылым және жоғары білім министрінің бұйрығымен азаматтық алу немесе Қазақстан азаматтығын қалпына келтіру кезінде мемлекеттік тілді бастапқы деңгейде, Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздерін және Қазақстан тарихын білуге қойылатын талаптар бекітілді.

Құжатқа сәйкес азаматтық алу немесе қалпына келтіру барысында мемлекеттік тілді білу деңгейі кем дегенде 36 балл, Қазақстан Республикасы Конституциясының негіздері бойынша кемінде 9 балл, және Қазақстан тарихы бойынша кем дегенде 15 балл жинау қажет.

ӘКІМШІЛІК ҚАМАҚҚА АЛЫНДЫ

Сырдария аудандық сотында Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабының 1-бөлігімен С.-ға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Іс бойынша С. кемелетке толмаған балаларын асырап бағу үшін өндіріп алушы Е.-ның пайдасына алимент өндіру туралы сот бұйрығын орындаудан жалтарып, 4 995 006 теңге көлемінде алимент бойынша бередіні жинақталған.

Сот отырысында С. сот бұйрығы шығарылғанын білетінін, жұмысы болмауына байланысты алимент бойынша міндеттемелерін орындай алмағанын көрсетті. Сот қаулысымен С. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, 3 тәулікке әкімшілік қамаққа алынды.



Сырдария аудандық соты

ОБЛЫСТАҒЫ СЫРТҚЫ ТАУАР АЙНАЛЫМЫ 162 ПАЙЫЗҒА ЖЕТКЕН

Мемлекеттік кірістер органдарының негізгі міндеттері – бюджеттің кіріс бөлігін қамтамасыз етіп, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігін нығайту. Сонымен қатар, департамент салық салу мен оны өндіріп алу жүйесін ұдайы жетілдіріп, салық төлеушілерге қолайлы жағдай жасау арқылы сапалы мемлекеттік қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді.

Жыл басынан бері облыстағы мемлекеттік бюджет жоспары 104 пайызға орындалып, түсімнің өсу қарқыны өткен жылмен салыстырғанда 140 пайызға артқан. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында Қызылорда облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Еркін Елшібеков айтты.

– Кеден саласы бойынша биылғы жылдың 9 айында облыстың сыртқы тауар айналымы 162 пайызға жетті. Оның ішінде экспортқа шығарылған тауар айналымы 161 пайызды құрап, импорт 165 пайыз болып өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда айтарлықтай өсіп отыр. Импортталған негізгі тауарлар тізіміне мұнай саласының құрал-жабдықтары, автобөлшектер кірсе, ал экспорттық тауарлар қатарына мұнай, шикі мұнай мен уран, күріш және балық өнімі кіреді. Айта кетейік, 1 қазандағы мәліметке сәйкес, облыс бойынша 12 590 заңды тұлға, 60 257 жеке кәсіпкер тіркелген. Мемлекеттік кірістер органдарының басты міндеттерінің бірі – салық төлеушілерге сапалы мемлекеттік қызмет көрсету. Осы ретте өңіріміздің мемлекеттік кірістер органдарымен биылғы жылдың 1 қазанындағы мәлімет бойынша 568 694 мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның 99,9 пайызы электронды түрде болған. Одан бөлек, 1 қаңтар мен 15 қыркүйек аралығында жалпыға бірдей декларациялаудың 3 кезеңі өтті. Өңіріміз бойынша 3 кезеге міндеттелген тұлғалар саны 85 168 құрады. 75 456 тұлға 250,00 декларацияны тапсырса, оның 9 716-сы уақытылы тапсырмаған. Ал, 270,00 нысанды табыс етуге міндеттелген тұлғалар саны 148 291 болса, олардың 93,8 пайызы уақытылы табыс етпеген, – деді Еркін Кеңесбекұлы.

«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ

өліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 2800 теңге;

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.

АҚЫНҒА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ

Ақын Қаршыға Есімсейітова 65 жаста. Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты №3, №4, №19 кітапханалары бірлесіп «Сырдың нәзік гүлімін» атты кездесу кешін ұйымдастырды. Сондай-ақ түрлі тақырыпта жарық көрген кітаптары «Алтын жұлдызды ақын» атты кітап көрмесінде таныстырылды.

Елге адал қызмет етіп, халықтың ыстық ықпалына бөленіп жүрген жандарды насихаттау, олардың өмірі мен еңбек жолын, шығармашылығын өскелең ұрпаққа үлгі етіп, құрмет көрсету – кітапхананың мәдени жұмысының негізгі бөлігі.

Рухани кешті ақын, кітапхана әдіскері Асқол Түменбай ашып жүргізді. Шара барысында қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры Гүлмира Рахметова, мерейтой иесіне Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатовтың құттықтау хатын табыстап, сый-құрмет көрсетті. Сонымен қатар жас оқырмандар ақынның өлеңдерін оқып, құттықтап келген қонақтар, ақын-жазушылар, замандастары, әріптестері ізгі-ниеттерін білдірді.

Қаршыға Құрмашқызы – журналист, ақын, Халықаралық



«Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстан Телерадио Академиясының «Алтын жұлдыз» иегері, Қазақстанның Құрметті журналисі, Қазақстан жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалының төрағасы, Шилі, Сырдария аудандарының Құрметті азаматы. Еңбек жолын газет басылымынан бастап, телерадио редактор-жүргізуші қызметтерін абыроймен атқарды. Бүгінде Қазақстан Жазушылар Одағы облыстық филиалының жетекшісі ретінде қоғамдық жұмыстан қол үзбей, жас ақындарға тәлім-тәрбие беріп келеді. Мерекелік кеште ақынның сөзіне жазылған әндері орындалып, сыр сұхбат айдарында әдебиет әлеміне қалай келгенін айтып, өз естеліктерінен сыр шертті. Сондай-ақ, қазақтың кең жүректі ақын қызы кеш барысында әкі өлеңін оқып берді. Сырлы сөз иесіне кітапхана ұжымы оқырмандар атынан алғыс айтып, шығармашылық табыс тіледі.

ЖЕМІСТІ ЕҢБЕККЕ ЛАЙЫҚТЫ ҚҰРМЕТ

Өнер орталығында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен дала еңбеккерлерінің дәстүрлі «Алтын күз – 2024» мерекесі өтті. Биылғы диқандар тойы аймақтың орман шаруашылығы саласының 90 жылдығымен және Қала күнімен тұспа-тұс келіп, молшылық маусымындағы дүбірлі мерекеге ұласты.

Салтанатты іс-шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент Сенаты Кеңесінің мүшелері Қуаныш Сұлтанов, Өмірзақ Озғанбаев, Рашид Әкімов, Бірғаным Әйтимова, Динара Нөкетаева арнайы қатысты. Сонымен қатар, Парламент Сенаты мен Мәжілістің депутаттары, басқарма басшылары, қала, аудан әкімдері, сала ардагерлері, еңбек озаттары және шаруашылық өкілдері де келді. Аймақ басшысы жиналған қауымды молшылық маусымының берекелі мерекесімен құттықтап, өңірдегі жетістіктерге тоқталды.

«Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен Сыр өңірінде мақсатты бастамалар қолға алынып, ауқымды жобалар жүзеге асуда. Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд. теңге болатын, бүгінде 744 млрд. теңгеден асты. Бұл қаражат аймақтағы ең өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағытталды.

Осы жылы 8 млрд. 800 млн. теңгеге 250 ауыл шаруашылығы техникасы алынып, машина-трактор паркы 5 пайызға жаңаланды. Оған қоса 7 млрд. теңгеге 11 инвестициялық жобасы жоспарланып, бүгінде 7 жоба жүзеге асты. Қалған 4



жоба жыл соңына дейін іске қосылады. Осылайша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі артып, осы жылы 229 млрд. теңгеге жетеді.

Ерте көктемнен қара күзге дейін өткен еңбектің, төккен тердің нәтижесінде мол өнім алған диқандарымызды, аймақ табиғатының көркеюіне өлшеусіз үлес қосқан орманшыларымызды құрметпен марапат төріне шығару – біз үшін үлкен мәртебе.

Ақ күріштің атасы, дала академиясы Ыбырай Жақаевтың жиналған қауымды ерен еңбектің үлгісін көрсетті. Сыр диқандары 189 мың 400 гектар жерге егін екті. Негізгі дақыл – күріштің көлемі 85 мың 600 гектарды құрап (өткен жылдан 3,4 мың гектарға кем), әр гектардан 58 центнерден өнім алынып, жарты миллион тоннаға жуық күріш жиналды. «Мағжан және Компания», «Ер-Әлі», «Таң ЛТД» ірі шаруашылықтары күріштің әр гектарынан орташа 80 центнерге жуық өнім алғанын атап өтуге болады. Адал еңбегімен төрден орын алған дала еңбеккерлерін, орман саласының қызметкерлерін марапаттап, сый-құрмет көрсету дәстүрін жалғастырамыз. Қамбамыз дөңге, қорамыз малға

толып, халқымыздың құт-берекесі арта бергей», – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Мерекелік іс-шарада еңбек жолын механик болып бастап, кеншар директоры, аудан әкімі, басқарма басшысы қызметтерін атқарған Әбибуллаев Ибрагим Сражадинұлына «Қызылорда облысының құрметті азаматы» атағы берілді. Еңбек озаттарына сый-құрмет көрсетілді. Мемлекет басшысының су үнемдеу туралы тапсырмасына сәйкес аймақта су көп қажет ететін дақылдар көлемі онтайландырылып, үнемдеу технологиясы енгізілді. Биыл жаңа технологияларды пайдалану көлемі 4 мың 400 гектарға жетті. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 5 есе артық. Шиелі, Қазалы, Арал аудандарында су үнемдеу технологияларын қолдану арқылы 3 ірі жоба іске асуда. Су шығынын азайтуда егістік жерді лазерлік тегістеудің маңызы зор. Соңғы жылдары диқандар 55 мың гектар күріш егістігін лазерлік тегістеуден өткізді. Нәтижесінде суды үнемдеп, өнімділікті 30 пайызға арттырды. Мемлекет басшысының қолдауымен бастау алынған «Кең дала - 2» бағдарламасы диқан қауымына қолайлы болды. Бағдарлама аясында егін егу

және жинау жұмыстарына жеңілдетілген пайызбен 10 млрд. теңге несие алды.

Одан бөлек, саланы кешенді қолдау арқасында шаруашылық құрылымдары егіске қажетті минералды тынайықшылар, сапалы тұқымдар және арзандатылған дизель отынымен толық қамтамасыз етілді. Мемлекет басшысының бастамасымен өткен жылдан бері «Ауыл аманаты» жобасы бастау алды. Ауыл халқының тұрмыс-тіршілігін, әл-ауқатын жақсартуға бағытталған бұл жоба аясында өткен жылы 3 млрд. теңгеге 406 жоба жүзеге асып, 713 жаңа жұмыс орны ашылды. Биыл 4 млрд. 600 млн. теңгеге 575 жоба қолға алынған.

Агробизнес өкілдері ауылдарды дамытуда, халықтың тұрмысын жақсартуға бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі аясында ауқымды жұмыстар атқаруда. Соңғы жылдары елді мекендерді абаттандыру, инженерлік инфрақұрылымды дамыту және әлеуметтік нысандарды қайта жаңғыртуға ауыл шаруашылығы құрылымдары 7 млрд. теңгеден астам қаржы бағыттады.

«Ел тілегі» ақпарат



ҚАЛА КҮНІ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Орталық стадионда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қала күніне орай мерекелік іс-шара өтті. Оған мемлекет және қоғам қайраткерлері, Парламент депутаттары, қала, аудан әкімдері, зиялы қауым өкілдері, еңбек ардагерлері мен қала тұрғындары жиналды. Аймақ басшысы жұртшылықты мерекемен құттықтап, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жетістіктеріне тоқталды.



«Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы бірлік пен берекенің, өнер мен мәдениеттің құтты ұясы Сыр өңіріне келген сапарында облысымызға дамуың үлкен перспективалары бар стратегиялық маңызды аймақ деп оң бағасын берді. Биыл Қызылорда қаласының бюджеті 50 млрд. теңгеге артып, 107,9 млрд. теңгеге жетті. Қала күні қарсаңында тұрғындар асыға күткен жайлы мектеп, Оқушылар сарайы, Теннис орталығы ел игілігіне табысталды. Сол жағалаудағы №2 шағын ауданға салынған 470 пәтерлік 10 көпқабатты тұрғын үйде коньстой тойланды. Осы уақытқа дейін қаламыздың ең басты коммуналдық мәселесі болып келген көпқабатты тұрғын үйлерді ыстық сумен қамтамасыз ету оң шешімін тапты. Биыл 187 үй, алдағы жылы тағы 237 үй ыстық суға қосылады. Соңғы екі жылда біз барлық саланың материалдық-техникалық базасын нығайтуға басымдық бердік. Ең алдымен облыс орталығындағы қоғамдық көлікке қатысты түйткілді түбегейлі шешу үшін 300

жаңа автобус сатып алынды. Жаңа қоғамдық көліктер жолдаушыларға қызмет көрсетуде.

Тұрғындар сұранысына сәйкес алынған 200 санитарлық автокөліктің 60-ы Қызылорда қаласындағы денсаулық сақтау мекемелеріне табысталды. Сүйікті қаламыздың самаладай жарқырауына, көркейіп, гүлденуіне бірге атсалысайық! Жаңа белестерді бағындырып, асқар армандарға бірге жетейік! Әр шаңыраққа шаттық, береке-бірлік тілеймін!», - деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Салтанатты іс-шарада қаланы әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси тұрғыдан өркендетуде ерен еңбектің үлгісін көрсеткен 9 азаматқа «Қызылорда қаласының Құрметті азаматы» атағы берілді. Сан салада қызмет ететін 3 азаматқа облыстың ең жоғары марапаты – Қызылорда облысының «Құрмет грамотасы», 9 азаматқа облыс әкімінің «Алғыс хаты» табысталды.

Қала күніне арналған мерекелік отандық эстрада жұлдыздарының концертіне және отпашуға ұласты.

ҰЛТТЫҚ АТ СПОРТ БӘЙГЕСІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Қызылордада Қала күні мен «Алтын күз-2024» дәстүрлі мерекесі аясында ұлттық ат спорты бәйгесі ұйымдастырылды. Дүбірлі бәйгені облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары тамашалады.

Аймақ басшысы жарысқа қатысушыларды құттықтап, сәттілік тіледі.

«Берекесімен, молшылығымен келетін күз мезгілінде халқымыз егін жинап, қамбасын толтырып, мәре-сәре болып, бір жасап қалады. Егінім бітік шықты деп, қуаныш тойын тойлап, ат шаптырып, бәйге береді. Ертеден жеткен осы дәстүрімізді біз де жалғастырып келеміз. Баршанымыз «Алтын дән-2024» ұлттық ат спорты бәйгесінен облыстың жарыстың ашылуымен құттықтаймын!

Қыркүйек айында Мемлекет басшысының бастамасымен өткен V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарында 4 саңлағымыз бақ сынап 2 алтын, 1 қола



медаль жеңіп алды. Осылайша Сыр спортының жылнамасын жаңартып, этносportтың дамуына үлес қосты. Бүгінгі бәйге Сыр өңірінің мерейін асырып, ұлттық спорттың өркендеуіне мол мүмкіндік береді деп сенемін! Төзім мен жігер, қайрат пен мінез сыңға түскен бәйгеде тұрпаттарын тұяғы талмасын, арғымақтар аламанда арындасын! Шабандоздардың тақымы тастай

болсын!», - деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жарысқа қатысушыларға ауыл шаруашылығы саласының ардагері Нұрлыбай Ұлықпаулы ақ батаасын берді.

Бәйге жеңімпаздарына қаржылай сыйлықтар тағайындалған.

Аламан бәйге, 25 шақырым: I орын – 3 000 000 теңге, II орын – 2 000 000 теңге, III орын – 1 000 000 теңге.

Ток бәйге, 15 шақырым: I орын – 1 500 000 теңге, II орын – 1 000 000 теңге, III орын – 500 000 теңге.

Қуан бәйге, 11 шақырым: I орын – 1 200 000 теңге, II орын – 800 000 теңге, III орын – 500 000 теңге.

Тай жарыс, 5 шақырым: I орын – 500 000 теңге, II орын – 300 000 теңге, III орын – 200 000 теңге.



ҚЫЗЫЛОРДА – ТАЛАНТТЫЛАР ҚАЛАСЫ

Қала күні мерекесі қорытындыланды. Өткен аптада Б. Шөкенов атындағы саябақта дәстүрлі «Қызылорда - таланттылар қаласы» атты облыстық фотографтар байқауы өтті. Байқауға кәсіби және әуесқой фотографтар қатысып, өз еңбектерін ұсынды. Байқаудың негізгі мақсаты қаламыздағы тарихи ескерткіштер, көпшілік мәдени орындар мен қала тұрғындарын суретке түсіріп, шаһарымыздың әсем көркін бейнелейтін жұмыстарын ел назарына ұсыну. Шара соңында жеңімпаздарды қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жағыпар Тажмаханов марапаттап, қала әкімінің арнайы алғыс хаттары мен бағалы сыйлықтарын табыс етті.

Байқау нәтижесі бойынша Оксана Черникова бас жүлдені иеленсе, Қайрат Шалтақбаев - I орынды, Сергей Коновалов - II орынды, Голованова Наталья III орынды және «Болат Омаралиев» атындағы арнайы номинацияны, ал Дамир Шакиев «Қас қағым сәт - бір өмір» номинациясын жеңіп алды. Өзге де жұмысы үздік деп танылған қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары табысталды.

БАЙҚАУ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Қала күні мерекесі аясында «Шексіз әлем – шектеусіз мүмкіндік» атты зағип және нашар көретін жандар арасында өткен республикалық өнер байқауы өз мәресіне жетті.



Өнер додасы ерекше жандарға мәдени және рухани қолдау көрсетіп, жаңа талант иелерін анықтау, өнерпаздардың шығармашылық байланыстары мен достық қарым-қатынастарын нығайту үшін ұйымдастырылып отыр. Байқауға еліміздің түкпір-түкпірінен талантты 10 топ қатысты.

Ерекше жандар арасында өткен өнер додасында бас жүлде мен 500 мың теңге жүлде қорын Шымкент қаласының

өнерпаздары жеңіп алды. I орын мен 400 мың теңге Орал қаласының командасына бұйырды. Ал, Атырау қаласының қатысушылары жүлделі II орын мен 300 мың теңге иеленді. Сондай-ақ, Жетісу мен Қызылорда облыстары III орын және 150 мың теңгеден сыйақыны еншіледі. Сонымен қатар, барлық қатысушыларға қала әкімінің «Алғыс хаттары» мен 100 мың теңге ақшалай сыйлық табысталды.

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

«Қала күні» мерекесі аясында өткен «Алтын күз» ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесінде дәстүрлі «Үздік аула» байқауының жеңімпаздары марапатталды.



Шаһарды жасыл-желекке айналдыру бағытындағы жұмыстарға өз үлестерін аянбай қосып келе жатқан қала тұрғындарын ынталандыруды мақсат еткен бұл байқау 2018 жылдан бастап ұйымдастырылып келеді. Аталған байқаудың жеңімпаздарына қала әкімінің орынбасары Пакуатдин Шамуратов қала әкімінің дипломын және қаржылай сыйақыларын табысталды.

Биыл жетінші мәрте өткізілген «Үздік аула» байқауына қатысуға 13 аула өтім билдірді. Байқау үздіктерінің ішінен көпқабатты тұрғын үйдің барлық ауласын көгалдандыруға ерекше көңіл бөлген «Сырдария» мөлтек ауданы, №44 үй тұрғыны Марат Төлепбаевтың ауласы комиссия шешімімен басым дауысқа ие болып, жеңімпаз атанды. II орынды 10 жылдан астам уақыт көше бетті көгалдандырумен айналысып

келе жатқан Сайыпназар Ахун көшесі, №7 үй тұрғыны Бирлік Рахметов иемденсе, ал III орын – «Ақмешіт» мөлтек ауданы, №30 үй тұрғыны Болат Сарсаевқа бұйырды.

«Бірлігі жарасқан аула» номинациясымен «Титов» шағын ауданы, №28 үй тұрғыны орынбасары Пакуатдин Шамуратов қала әкімінің номинациясымен «Астана-2» мөлтек ауданы, №50А үй тұрғыны Серік Ермбетов және «Әсем аула» номинациясымен «Ақмешіт» мөлтек ауданы, №7 үй тұрғыны Мөлдір Есмахан марапатталды.

Шара барысында Қызылорда қаласының тазалығын қамтамасыз етуде тынбай еңбек етіп жүрген тазалық қызметкерлері де марапатталып, қала әкімінің комиссия шешімімен басым дауысқа ие болып, жеңімпаз атанды. II орынды 10 жылдан астам уақыт көше бетті көгалдандырумен айналысып

ТАУ ТҰЛҒАЛЫ ҚАЙРАТКЕР



Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінде Ұлы Отан соғысы ардагері, қоғам қайраткері, әдалдық пен шыншылдық,

еңбекқорлық пен ізденімпаздық, мейірім мен кешірімділік сынды қасиеттерінің иесі, халқына риясыз қызмет еткен Ғафур Мұхамеджановтың туғанына 100 жыл толуына орай «Тау тұлғалы қайраткер» атты көрме ашылды. Шараға Ғафур Мұхамеджановтың ұрпақтары, зиялы қауым өкілдері, шәкірттері, қала тұрғындары, ЖОО орындарының студенттері мен БАҚ өкілдері қатысты. Көрмеге Ғафур Мұхамеджановтың өмірі мен қызметі жайлы суреттері, құжаттары, наградалары, жеке

туғынған заттары қойылды. Көрмені ашу құрметі қоғам қайраткері, саяси ғылымдарының докторы, профессор Бәкір Әбдіжәлел Қошқарұлына және ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Қайруллаев Қорғанбек Қайруллаұлына берілді. Сондай-ақ, Ғафур Мұхамеджановтың өмірі мен қызметі жайлы достары, шәкірттері жылы лебіздерін білдіріп, қайраткердің қызы Әлия Мұхамеджанова әкесі жайлы естеліктерін айтты.



ОБЛЫСТЫҚ СПАРТАКИАДА ӨТКІЗІЛДІ

Қызылорда облысының жұмыспен қамту үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы негізінде Қазақстанда қазан айының екінші жексенбі мұдекетігі бар адамдар көрсетіне орай үстел теннисі, қол күрес және дартс ойыны бойынша облыстық Спартакиада өткізілді. Осыған орай жарысқа қатысқан орталығымыздың қызмет алушылар үстел теннисінен Агибаев Марат 1-орын қол күрестен Балықбаев Әділбек 3-орын мен және қыздар арасында дартс сайысы бойынша Жетірова Әзиза атты қызмет алушыларымыз кубоктармен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

ӨНЕРІМЕН ӨРГЕ ЖҮЗГЕНДЕР

Аймақта ерекше жандардың шығармашылығына арналған XI облыстық «Жүрек жылуы» өнер конкурсы өтті. Дәстүрлі түрде өткізіліп келе жатқан өнер мерекесіне биыл 300-ге жуық өнерпаз қатысты.

Өнерпаздарға вокал, халықтық орындау, көркем сөз оқу, би жанрлары бойынша режиссер, мәдениет саласының үздігі төсбелгісінің иегері, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театры жанындағы, қуыршақтар театрының режиссері Жанмұратова Күләш, әнші, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің оқытушысы, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Қ. Ақдәулетова атындағы балалар студиясының жетекшісі Белгібаева Жадыра, «Сыр сұлуы» халық ән-би ансамблінің жетекшісі, Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің оқытушысы Жұбанова Ардақ, күйші, «Ақмешіт»

фольклорлық ансамблінің домбырашысы Әлжанов Алмаз қолөнер, көркемсурет жанрлары бойынша, облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының суретшісі, мәдениет саласының үздігі төсбелгісінің иегері Джүбаншиев Берік, Қазақстан қолөнершілер одағының мүшесі, «Қарлығаш» шеберлер орталығының төрайымы Ильясова Қарлығаш, Қазақстан Суретшілер одағының Қызылорда облыстық филиалы төрағасы, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Сағимбаев Темірбек қазылық етті. Әр жанр бойынша жеңімпаздар анықталып, қатысушыларға дипломдар мен арнайы сыйлықтар табысты.

ӨНЕР БАРЫСЫ - 2024

Мерекесі аясында шығармашыл және өнер саласының жастары арасында «ӨНЕР БАРЫСЫ-2024» жарысы өтті. Төл спорттымызды айшықтайтын жарысқа 50 жас тіркеліп, оның ішінде 25 жас іріктеуден өтті. Қатысушылар 85 кг-ға дейін және 85 кг-нан жоғары салмақта 2 топ болып бақ сынасты. Жеңімпаздар қала әкімінің дипломымен, қаржылай сертификаттармен және 1 орын иегерлері «Өнер барысы» белбеуімен марапатталды. Айта кету керек, бұл жоба ұлттық спорттымызды кеңінен насихаттай отырып, жастарды салауатты өмір салтына баулымақ.

БОЗКІЛЕМДЕ БАЛУАНДАР БЕЛДЕСТІ

Бәйгеқұм ауылдық округінде XIX ғасырда өмір сүрген әйгілі би, Бала би бабаға арнап ұрпақтары атынан ас берілді. Бәйгеқұм ауылындағы арнайы дайындалған алаңда мәдени-көпшілік шаралар өткізілді.

Шара барысында аудан әкімі Айтбай Жандарбеков сөз сөйлеп, Жетісу мен Сарарқадан, Шығыс пен Батыстан, Сүтсіз мен Сыр жағасынан келген қонақтарды және аудан тұрғындарына ризашылығын білдіріп, бабаларға етілген құрметтің бір көрінісі ретінде өткізіліп отырған осындай іс-шара сәттілік тіледі. Алаңға киіз үйлер мен шатырлар тігіліп, барша тұрғындар мен қонақтарға арнап ас берілді.

Сонымен қатар, баба рухына арнап құран бағышталып, «Жастар» театрының қойылымы және республикаға белгілі ақындардың қатысуымен ақындар айтқысы, жазба ақындар мұшайрасы, ұлттық спорт түрлерінен, оның ішінде қазақша күрестен палуандар сайысы өткізіліп, ат жарыс бәйге ұйымдастырылды.



СҮЛЕЙЛЕРДІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ НАСИХАТТАЛДЫ

Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы облыстық белсенді ұзақ өмір сүру орталығында «Жыр өлкесінің жампоздары» атты жыр кешін өткізді. Жыр кеші Алашқа ағы әйгілі Сүгір жыраудың туғанына 130 жыл, ақын Қарасақал Көлдейбекұлының туғанына 180 жылдығы аясында ұйымдастырылды.

Шараның мақсаты - өскелең ұрпаққа жыраулық өнерді жақын таныстырып, сүлейлер есімдерін дәріптеу. Сүлейлер арасында шоктығы биік шайырлардың өмірі мен шығармаларын насихаттау. Танымал шығармаларды келешегіне үміт күттіретін дәстүрлі өнерімізді жалғастырып жүрген жас өнерпаздар Бексұлтан Орынбасаров және Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық жоғары колледжінің студенттері орындады. Шара барысында қатысушылар назарына кітап көрмесі ұсынылды.

Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» №153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V «О противодействии коррупции» сообщаем, что, в коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтөбе города Кызылорды» работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтөбе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.

БАРЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР НАЗАРЫНА!

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Маңғыстау облысы бойынша департаменті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Елімізде сыбайлас жемқорлықты азайтуға қосқан үлесім» тақырыбында мемлекеттік қызметшілер арасында эссе байқауын жариялады.



Байқаудың мақсаты – мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын білуін, шығармашылық белсенділігін және креативті шығармашылық ойлауын ынталандыру.

Конкурс Қазақстан Республикасының барлық мемлекеттік қызметшілері үшін ашық. Қатысу тегін және ерікті. Конкурс жұмыстары жеке тәжірибесі немесе кәсіби қызметі негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша ұсыныстар мен ұсынымдарды қамтитын авторлық эссе нысанында ұсынылуы тиіс.

Эссе қазақ немесе орыс тілінде жазылып, бекітілген Ережеге сәйкес келуі тиіс. Жұмыстарды қабылдау 2024 жылғы 20 қазанға дейін жүзеге асырылады.

https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption-mangystau/press/news/details/846774?lang=ru

https://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption-mangystau/press/news/details/846774?lang=kk

Байқау сырттай жүргізіледі.

Жұмыстар электронды түрде Департаменттің ресми сайтында «Эссе байқауы – қатысушының тегі» белгісімен konkurs@antikog.gov.kz электрондық мекен-жайында қабылданады.

Жұмысты бағалау екі деңгейде өтеді: Бағалау қорытындысы бойынша бірінші, екінші және үшінші орын алған қатысушылар жеңімпаздар деп танылады. Қорытынды қазақ және орыс тілдерінде ұсынылған жұмыстар бойынша бөлек анықталады.

Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлері дипломмен және құнды сыйлықтармен марапатталады. Жеңімпаздардың жұмыстары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

Конкурсқа қатысу мәселелері бойынша қосымша ақпаратты (7292) 319110/321 немесе +77014577275 телефоны арқылы алуға болады. Байқауға қатысуға ниетті қызметкерлер байқау ережесін қалалық қоғамдық бөлімінен алуға болады. Байланыс телефоны: 27-20-81

ХАТШЫЛЫҚ-МАҢЫЗДЫ ҚЫЗМЕТ

Сот отырысының хатшысы маңызды сот процесі болып табылады. Бірде-бір процесс оның осы субъектінің қатысуынсыз өтпейді. Қылмыстық іс жүргізу кодексіне сәйкес, ҚР Азаматтық іс жүргізу кодексіне сәйкес сот отырысының хатшысы сот төрелігін жүзеге асыруға жәрдемдесетін, бірақ бұл ретте сот төрелігін іске асыру жөніндегі функцияны орындамайтын және судьяны алмастырмайтын іс жүргізу тұлғасы болып табылады.

Судьяның уақытты тиімді пайдаланып, өнімді жұмыс жасауы сот хатшысының біліктілігіне, іскерлігіне тікелей байланысты. Мемлекеттік қызметкер мәртебесін қолдап отыру үшін барлық мемлекеттік қызметкерлерге сияқты сот отырысының хатшыларына да қойылатын талаптар әрдайым жоғарылап отырады.

Сот отырысының хатшысы соттың өзіне жүктелген функцияларды орындауы кезінде өте маңызды рөл атқарады. Сот отырысының хатшысы өзі хаттамалауды қамтамасыз етуі қажетті барлық уақытта сот отырысының залында болуға және сот отырысынан төрағалық етушінің рұқсатынсыз кетпеуге, хаттамада соттың әрекеттері мен шешімдерін, соттың отырысына қатысушы барлық адамдардың өтінішхаттарын, қарсылықтарын, айғақтарын, түсініктемелерін, сондай-ақ сот отырысының хаттамасында көрсетілуге жататын басқа да мән-жайларды толық және дұрыс жазуға; сот отырысының хаттамасын осы Кодексте белгіленген мерзімде дайындауға; төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға; жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етпеуге міндетті.

Сот отырысының хатшысы сот отырысы хаттамасының толықтығы мен дұрыстығы үшін жауап береді және сот отырысының хаттамасына анық емес не шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтер енгізілген жағдайда заңда көзделген жауаптылықта болады. Ауыртпалыққа қарамастан, сот отырысының хатшылары өз міндеттеріне мұқият, атқарушы және жауапкершілікпен қарауы керек. Соттың жұмысы мен имиджі сот отырысы хатшысының дұрыс ұйымдастырылған жұмысына, оның жауапкершілігі, сауаттылығы мен адалдығына байланысты.

Е.ЕСХАНОВ,
Қармақшы аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

ТӘЙІМБЕТ КӨМЕКБАЕВ АУЫЛЫНА 60 ЖЫЛ

Қармақшы ауданында Кеңес Одағының Батыры Тәйімбет Көмекебаев атындағы ауылдың құрылғанына 60 жыл толуына орай кең ауқымды мерекелік іс-шаралар өтті.

Ауылдың тарихын ұлықтайтын бұл мерейлі күн жергілікті тұрғындар үшін үлкен қуаныш пен мақтанышқа айналды. Мерекелік шаралар аясында Ұлы Отан соғысының ардагері, ауылдың ардақты азаматы Қасым Жүсіпұлының туғанына 100 жыл толуына арналған «Өткенге құрмет – ұрпаққа өнеге» атты танымдық кеш ұйымдастырылды. Бұл кеште ардагердің өмір жолы мен ерліктері жайлы баяндалып, кейінгі ұрпаққа тағлым болатын маңызды деректер ұсынылды. Жергілікті тұрғындар ардагердің рухына тағзым етіп, оның ерлігіне құрмет көрсетті. Сонымен қатар, іс-шаралар легі аудандық ретро әндер байқауымен және Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен өткен гала-концертпен



жалғасты. Ауыл халқы мен қонақтары өнерпаздардың әндерін тыңдап, мерекелік көңіл-күйде кешті тамашалады. Концерт барысында елге танымал әншілер өнер көрсетіп, мерекенің шырайын ашты.

Дүбірлі тойдың екінші күнінде өткен негізгі іс-шараға аудан әкімінің орынбасары С. Смағұлов қатысып, барша жиналған жұртшылықты мерейлі мерейтоймен құттықтап, ауылдың негізі



қаланған күннен бастап бүгінгі күнге дейінгі даму жолына тоқталып өтті. Одан кейін, ауылдың дамуы мен гүлденуіне сүбелі үлес қосқан бірқатар азаматтарға «Тәйімбет Көмекебаев ауылына 60 жыл» мерекелік медальін табыстап, қазақы дәстүрге сәйкес иығына шапан жауып құрмет көрсетті. Сонымен қатар ауылдың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің жақсаруына үлес қосып

жүрген қызметкерлерге аудан әкімінің алғыс хаттарын табыстады. Мерейтойға арнайы келген батырдың баласы Бағбан Тәйімбетов, еңбек ардагерлері Ә. Құлдүйсенов, С. Жолмаханов, С. Қоспаев, Ж. Смаилов, айтыскер ақын С. Ыдырысовтар құттықтау сөз сөйлеп, ізгі тілектерін білдірді. Мерекелік іс-шаралар әрі қарай ат бәйгесімен және ұлттық спорттық



ойындармен жалғасты. Тәйімбет Көмекебаев ауылының 60 жылдығы – ауылдың өткен мен бүгінгі еске алып, болашаққа сеніммен қарауға негіз болған мерейлі күн. Бұл мереке ауылдың бірлігін, халқының ынтымағы мен татулығын көрсетті.

«Ел тілегі» ақпарат

Ұлы Жеңіске – 79 жыл

Биатам ел билігін ұстап еді,
Адалдықтың ақ туын жықпап еді.
Тектілердің тектесі бабаларым,
Ұрпағына түзу жол нұсқап еді.

Алтынбекұлы Еділғазы

Енем, Шоңқызы Тұрсынқұл, отағасым, Мырзалы әулеттің басшысы, тілеуқоры, ұйтқысы болған Сейдахмет атам мен Қатша әжемді ауыздарынан тастамай үнемі айтып отыратын. Әулетіміз тумысынан бітімі ірі, тұғалы, апайтөс, өздері сары, көздері көк, тұла бойындағы алып күш сыртқа теуіп қайраттылығы көрініп тұратын. Сейдахмет атамның көбіне ақ түсті кең киім киіп, басына ақпен тысталған тымқак, иығын жауып тұратын даубай киіп, торы ат үстінде желіп жүретіні, көкпар тартатыны, балуан денесі жырдағы, батырларды еске түсіретін дейтін.

Үш іні қайысын үйлендіріп, құдаларын риза етіп, үлкен үйдің айналасына қақыра, қарсы есік шағын баспаңа салып, әке орнына әке, ене орнына үлкен абысын ретінде бір-бірін сыйлауға, отағасыларын құрметтеу, болашақ ана болуға, келісті келін атануға баулыды.

Айнала орналасқан ағайын-туыс, жекежағ, үйге келген кісіге, қонаққа, жылы кабақ таныту, сыпайлық көрсету, сәлем жасау, төрге шығару тәрізді ақыл-кеңестерін жайлап саналарына сіндіреді екен. Үйге енген кісі бірден келіннің қас-қабағын бағдарлайды. Дастарханнан ұлы қасиетті нәрсе жоқ, әр қонақ өз ырыс-несібімен келеді. Бұрынғылар «Қонақ келсе есіктен, пәлекет шығар тесіктен» деп бекер айтпаған. Келген кісіге, айналдағы жақындарына ізгі ниетің, жайған дастарханың, болашақ ұл-қызыңа көрсеткен тәрбиенің негізі деп біті» дейді екен. Келіндерінің бойындағы өзгерісті бақылап, ұрпақтың таза, дені сау, саналы болуы құрақтан басталатынын, жерік асын құмары қанғанша жегізіп, қазақтың салт-дәстүрлерін орындағып, жатарада, ерте аздаң «Алладан дені сау, өмірлі, саналы ұрпақ беруін, өздерінің аман-есен жеңілденулеріңді тілеңдер. Тілектеріңді «Алла береді» деп құлақтарыңа құйыпты. Өмірге келген сәбиді салт-дәстүрмен қабалап, қалжасын жегізіп, анаға берген Алланың сыйын құрметпен мейірім-шапағатыңды төгіп, бар ықпалыңмен беріліп отырып еміз, ал өзін құнарлы ас іш» деп барлық мүмкіндікті жасаған аналық, емілтік, абысындық данағой Анауы қалай ұмытасын» - дейтін енем марқұм.

Сейдахмет атам ұлды елдің ұрпағын жалғастырушы деп әке тәрбиесін, ықпалын, үлгісін көрсетуге тырысқан. Елдің қорғаны, намысы, азаматы, болашағы, деп бағалаған Әжемдіз екеуі «Қыз – жағ жұрттық, кыз – қонақ, барған жеріне тез сипіп, сол елдің адамы болуы керек, артына алаңдамасын» деп ерекше тәрбие, жағдай, сый-құрмет жасатады екен.

Мән берген басты қағидасы – «Кыз – болашақ келін, ана, ене – әйелдің өз орны, іс-әрекетінің шегі болатынын көрсете алу болған.

Халық даналығын, мұсылман қағидаларын әріден өн бойына сіңірген ата-әжемдіз інілері-келіндеріне, ұл-қыздарына, ағайындарына Ұлы Жаратушы пендесіне мол несібен оның пейіліне, ақ ниетіне, маңдай теріне берді» деп әр кезде сабырлы, шымдамды, қайырымды, иманды, кең дастарханды болуға баулыған көрінеді.

Талайға уақыт емші қайғы басқан,
Не өтпес тірі жүрең қайран бастан.
Ақынның да, батырның да мәңгі емес,
Ажал келсе, аттанып қырлан асқан.

(Алтынбекұлы Еділғазы)

Сейдахмет атам 1955 жылы, Қатша әжем 1971 жылы мәңгілік мекенге кетті.

Сейдахметұлы Алтынбек сол кездегі «Партия – халықтың ар-оқданы, ұстазы, Комсомол – оның ізбасары» деген ұранды жаттап оқиса ұрпақ үшін «Нағыз большевик» болатын. Комсомол – бұл қайраты еліміз» деп өн шырақ, пионерден комсомол қатарына өтуге асықтық. Алтынбек аға Құмсуат жасөспірімдері үшін алға ұмтылдыратын жарық жұлдыз «Темірқазығымыз» еді. Ұлттық өнеге, имандылық тәрбиенің анық сүгімен, әкенің қанымен, үлгісімен терең менгерген Отаншыл еліне, отбасы, ағайынға қамқор, кішіпейіл, шымдамды, қанағатшыл, рақымды, шыншыл, ойын тіке айта алатын, еңбекқор, арты-алдын болмай білетін жан – біздің ағамыз болды.

Денесіндегі қиын жерге орналасқан оқтар мазасын алып қиналса да, елдің қамын, жұмысты, ауыл амандығы, жастардың әсіресе, әкесіз жетімдердің қажетті, өздері қалаған мамандық игерулері болуына атсалысты, жәрдемдесті, бақылау жасады. Отбасылы болып, өсіп-өнуіне қамқорлық жасады. Жалғыз қалған қариялардың жағдайын жеңілдетуге тырысты. Жол қатынасы қиын болса да 1961-62 жылдары Қызылордаға ЦҚК-ға «Екімді құрылысқа комсомолдық жолдамамен көшіп кеткен біздің үйдегі жеңгесінің, Әліқұл көкесінің қолын алып амандасуға, жағдайын білуге айына бір рет келетін. Сағыныс көрсетіп, әңгімелері таусылмай, арқа-жарқа болатын. Әулеттегі жастарды үйлендіру, үлкендерді соңғы сапарға шығарып салу, бәрі ағамның басқаруымен өтетін.

Жақсығұл жеңгем «Қайын енеңіз топырағынан жаралғандай» жұмсақ мінезді,

Таза бұлақ бастауынан нәр алған



сабырлы, мейірімді, еңбекқор, ағамның жанашыр, сенімді жары, береке-бірліктің қазынасы еді. Арттарына ұлағаты ұлдар, иманды қыздар қалдырыпты. Шүкір!

Алтынбекұлы Айдархан жастай білім құмар әдеби кітап, эпос жырларын жаттауға бейім болып өсті. Арнаулы орта білім алып, еңбекте алғырлығымен көпшіліктің назарына түсіп, Қызылорда автокөруен басқармасының басшысы, әрі бастауыш партия ұйымының хатшысы болып еңбек етті. Еңбектегі тазалығы, әділдігі, бір сөзділігі, тәртіптілігі өз мекемесі, қала, облыс өмірінде бағаланып, қалалық кеңестің депутаттығына бірнеше рет сайланды. Қазақстан республикасының «Құрметті автокөлікшісі» және Қызылорда облысының «Құрметті Ардагері» атағы тапсырылды. Қаржыгер мамандығының егесі Сара келін екеуі қыз-ұлдарын өсіріп, немерелер қызығын, қуанышын көріп отырған ата-әжелер. Немерелердің алды Назарбаев мектебінің түлегі Венгрия Будапешт қаласындағы елімізге қажетті энергетика саласында жоғарғы оқу орнын бітіріп келді. Ұлы Абай айтқандай, «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тап та бар қалаң». Еліміздің қажетті мамандары өсіп-ержетіп білім алып, дайындалуда. Шүкір!

Алтынбекұлы Еділғазы – ауылға керемет мамандықтың білгірі. Ауыл шаруашылық механизаторының бас инженері, ағамның ісін жалғастырушысы, ауыл тұрғындарының жанашыры Сұлтобе округының өкімі қызметтерін атқарды, соңғы уақытта «Бастау» мекемесінде еңбек етіп, еңбек демалысына шыққан. Немерелердің қамқоры, сүйікті атасы. Келіміз Бақыт екеуі ұлын ұяға, қызын қияға қондырған ақынжанды, бақытты ата-әжелер. Тұрардың да үлкен немересі Италияда «Халықаралық катынастар» мамандығын игеруге білім алып жатыр. Шүкір!

Алтынбекұлы Әбілхан – өзі қалаған мамандығы жол бойын энергиямен қамтамасыз ету кәсібінің шебері. Абыроймен атқарып, марапаттардың бірнешеуінің иегері болып, ұл-қыздарының бақытты, қуанышты, саналы өміріне, немерелер шаттығына бөленіп Жұмақұл келін екеуі Қызылорда-Астана арасында немере-шөбере тасуға дайын, ата-әжелер. Шүкір!

Алтынбекқыздары Оразқұл, Сәуле, Зәурелер өз алдына ұзақ өңгіме болар еді. Қорыта айтқанда атам мен әжемнің тәрбиесі, тілегін Алла құп көріп, бақытты, берекелі шаңырақтың келісті келіндері, жақсы жұбай, иманды ана, қазір немерелердің білімі ақ әжелері болып, өз жұртына да, қайын жұрты, нағашы жұрты, көрші-көлемнің, құда-жекежатарының жағамды, сенімді, азаматшалығы болып отыр. Бұған да шүкір!

Сейдахмет атамның інісі Сейдалы мен енем Тұрсынқұлден үш ұл, бір қыз дүниеге келген. Мұхиден аға әжелері сияқты ашық, көкпаршы, дикан және шебер құрылысшы болған. ЦҚК-ЦКЗ-да құрылыс саласында ұзақ жыл еңбек етті, өте қарапайым, салмақты, барлық іс қолынан келетін азамат еді. Құндыз жеңгемізбен екеуі 55-56 жастарында қайтыс болып, артында ұл-қыздары, немере, шөберелері бар. Барлығы бітімді, өз мамандықтарының шебері. Қоғамға қажетті мамандықты тез игере салатын, әр түрлі мамандық егелері. Шүкір!

Сейдалыұлы Мырзалы 1961 жылы Целлюлоза-картон комбинаты атынан Соликамск қаласына қайнатушы-варшич мамандығын игеруге жіберілді. Целлюлоза заводында 25 жыл еңбек етті. Ұжым, Гагарин, Титов қыстағының тұрғындары, партия, үкімет алдында бедел, құрметке бөленді. Бастауыш комсомол ұйымының хатшылығынан кейін партия ұйымының хатшысы болып сайланды. «Тәртіп, тәртіп және тәртіп оған қоса намыс» - дейтін. Бесжылдықтардың жеңімпазы, «Еңбек ардагері», «Қағаз-картон шаруашылығының озаты» төсбелгілері, «Құрмет белгісі», «В.И. Лениннің 100 жылдығы» медалі, «Ленин»

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № КЗ36Р/У00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицикатталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж

Редакцияның мекен-жайы:
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба еңделді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Таспырыс №232

E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/

жар, балалардың әкесі, немерелердің сүйікті атасы, шөберелердің қолынан су ішкен «Дәу ата» еді. Үлкен ұлы 9-сыныптан бастап, жоғарғы оқу орындарының жұмыстарын орындап жүретін. Мәскеудің Темиразов атындағы оқу орнын жақсы бітіріп, еңбек етіп жатыр. Екі баласы Мәскеу мен Петроград қаласында Қазақстанға қажетті мамандықтарды игеріп, Астанада жұмыста. Шүкір!

Сейдалықызы Тұрсынәй денсаулық саласының маманы болды. Шымкент қаласында тұрды. Өмірге ұл-қыз әкеліп, бірнеше немерелер көрді. 70-ке толғанда бәріміз баратын жайға орналасты. Немерелері өсіп-өніп жатыр. Біздің қуанышымыз солар. Шүкір!

Асан атамның ірі денелі, ерекше сымбатты, қарулы, нағыз еңбектің адамы болыпты. Қай жерде болмасын қарулы қол керек болса, белсеніп, беріле кірісіп, аянбай,

бізге де, балаларға да жететін. Үш балалы болған соң Аға «Әжелерінің шаңырағын көтеріндер, отынын түтетіндер, атын шығарындар» деп қасына бөлек отауға шығарды. Бөлек деген аты болмаса, балалар ұлған үйде, бауырларынан ажырамайды, бізде сол үйде болдық, ішіп-жейміз, өзіміз ғана отауымызға қонуға баратынбыз» дейтін Аманқұл абысын. Ауыл мектебін бітірген ұл-қыздар оқуға қалаға аттанды. Мамандық алды. Жұмысқа орналасты. «Ұлдар уяға, қыздар қияға» дегендей, өз теңдерін тапты. Бас құда-құдағайлар аталары мен әжесі болды. Қазір өздері ата-әжелер болып отыр. Әулетіміздің үлкені болған Аманқұл абысын шөбере-шөпшек сүйіп, туған-туыс, құда-құдағайлар қуанышына қатысатын «Бас құдай», «Асыл, ақ әже». Үлкен ұлдың қолында үлкен келін, екі немере келін, өзі төрт әйел бірге тұрып жатыр. Ер балалары баршылық болса да, біздің қыздар, ата-енеге жаққан келісті келін болып, ата-аналарының жағдайын жасап, үбірлі-шүбірлі, бақытты өмір сүруде. Біздің еңелеріміз сияқты бір қазанның тұтқасын бірлесіп ұстап, қыздарымыз да келіндеріміз де өмірлерін жалғастыруда. «Атаңа не қылсаң, алдына сол келеді» деген осы шығар. Шүкір!

Екінші ұл Қыдырбай – киелі шаңыраққа Әшенді келін етіп түсірді. Алланың бергені – өмірге 6 ұл, 3 кыз бала әкелді. Әшен де «Батыр Ана» атағының иегері атанды. Үш перзенті болған соң, Алтынбек аға ауылдық кеңестің басшысына айтып, өз үйінің маңайында көпбалалы отбасына есігі екі жақта 8 бөлмелі екі ағайынды бауырларына үй салдырды. Інілеріне ауылда тұратын болғандықтан, керекті мал шаруасы, егін шаруашылығы мамандықтарын игеруге кеңес беріп, арнайы, керекті оқу-білім алуларына көмектесті. Өздері еңбектің барлық түрін игерген азаматтар өз кәсібінің шеберлері болды. Балалары да, қыздары да әртүрлі мамандық алып, кәсіптерін дөңгелетіп, қазір ұл-қыз өсіріп, алды немере сүйіп, бір ауыл болды.

Әулеттің ер азаматтары кеңес дәуірінде де, қазір де «Отан қорғау әр азаматтың борышы» екенін терең сезінеді. Үлкен үй, киелі шаңыраққа Аманқұл, Әшен келіндерден соң, Жақсығұл абысынның інілері Арыстан-Құлшаты, Мұхамедияр-Ұлтай келінді екі-үш жылда түсірді. Аға мен абысынның өз балалары да ержетіп, азамат болды.

Айдархан – Сара келінді, Еділғазы – Бақыт келінді, Әбілхан – Жұмақұл келінді түсірді, қыздарды құтты орнына қондырды. Киелі шаңырақтан, аталарымыздың тілек-батысы қабыл болып, өсіп-өнген, өркендеген әулет болды. Шүкір!

Құдайберген бабамыздың кеңесі Әліқұл атамның бен Жамал енемнің ұл-қыздары өсіп-өніп, үлкені Ташкент қаласында жол бойы саласының мамандығын игеріп, Алматыда жақсы еңбек етті. Отбасылы, көп балалы ата-аналар болып, ауылға жылына 2-3 рет келетін. Қазір немерелері-шөберелері өсіп-өнуде. Атамның қыздары Шымкент, Сарыағаш, Қызылорда қаласында өмір сүруде. Ұлдары еке шаңырағын көтеріп, биіктейтін, кергесін жеңейтін жатқаны көңілге қуаныш әкеледі. Бірінің мамандығы бар, баспаналары бар, балаларын, немерелерін өсіріп, берекелі жанұялар қатарында.

Ахмет атамды оқыған, орысша еркін сөйлейтін азамат екен. Торғай, Түркістан, Ташкент қалаларына барып жүріпті. Паша жарлығымен «қара жұмысқа» алынып, ұзынқұлақ қабағы бойынша бірнеше қала жигіттері қашып шығып, 1916 жылы ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқан, елге орампаған.

«Әлі риза болмай, тірі байымайды» деген аталы сөзді басылыққа алып, дені сау, саналы, саналы ұрпақ әкеліп, оларға жақсы тәрбие, отбасылық құндылықты өн бойына сіндіріп, «Ер – әйелдің пірі», «Әйел береке-бірліктің ұйтқысы, болашақ ұрпақ жалғастырушысы» болған ата-енелеріміз, қайнаға-абысындарымыз қазір немере-шөбере-шөпшектерінің дұрыс тәрбие алып, терең, жан-жақты білім алып, «Алтын белгі», «Қызыл диплом» әр пән бойынша олимпиада, спорт түрлерінің жеңімпаздары, еліміздің түкір-түкірінде әр салада еңбек етіп, абырой-атақ беделге, жоғары дәрежеге жетіп жатқан әулеттің бірі болғандықтан оқырғандар паш еткім келді.

«Бейнетің қатты болса,
Татқаның тәтті болады» дегендей, Алланың қалауымен, бұйыртуымен Жұлдыздары Жоғары тұрып, Биата ұрпақтарының қастерлі қасиеттері әр баланың өмір жолында мәңгілік серік, шамшырақтай жарқырап тұрсын.

Әмин! Шүкір!

А. ҚАЛПӨКБАРОВА,
Зейнеткер. Әулеттің келіні.

(Басы өткен сандо)

Меншік иесі: «Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Редактор
Егиншайбаева Анар
Жақсыбекқызы

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61